

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

буын үндестігі

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/48118/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қазақ тілі	Уақыты:10.11-09.14жыл	Кабинет:218	Мұғалім:Г.М.Келешова
Сабақтың атауы	Буын үндестігі		
Сілтеме	Қазақ тілі оқулығының әдістемесі		
Сабақтың жабдығы	1. Білімділігі: Оқушыларға түбір сөздегі дауыстылардың жуан не жіңішке болып келуіне орай оған жалғанатын қосымшалардың да жуан не жіңішке болып жалғанатынын байқату. Сауатты жазуға үйрету. 2. Дамытушылығы: Оқушылардың ойлау, мәтінді талдау, тапсырмалар мен сұрақтар арқылы танымдық, шығармашылық қабілетін байқау, оқулықта берілген жаттығуларды өз беттерімен орындау, сөздерді дұрыс айтып, дұрыс жазуға үйрету арқылы ой — өрісін дамыту. 3. Тәрбиелілігі: Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, белсенділікке, қызығушылыққа тәрбиелеу.		
Жалпы мақсаттар	Сабақтың көрнекілігі: Сызбанұсқалар, үлестірмелер, плакаттар, мазмұнды суреттер, интерактивті тақта, оқулық т. б.		
Оқыту нәтижесі	Сабақтың түрі: Жаңа ұғымды түсіндіру. Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ — жауап, әңгімелеу, ойын, шығармашылық тапсырмалар, топпен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары т. б.		
Топқа бөлу	Сыныпты пазл арқылы топтарға бөлу		
Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті		
Ынтымақтастық атмосферасы	Адамның күлкісі – әлемдегі ең ғажайып құбылыстардың бірі. Адам күлкінің көмегімен таныса да, қоштаса да алады. Жымыс біздің сезіміміздің сарасының ашылуына жол ашады. Күлкі арқылы көңіл күйлеріңді білдіріліп көріңдер. Бір — біріңе жымыңдар, күлкілеріңді сыйлаңдар. Рахмет! Ендеше сабағымызды бастайық.		
Үй тапсырмасын сұрау	ББ кестесін толтыру		
Қызығушылықты ояту	Оқулықтағы тапсырмаларды орындау. 13-жаттығу. Сөздерді буынға бөліп жаз. Берілген жаттығуларды топтарға бөліп орындау. Қосымша шығармашылық тапсырмалар. Үлестірмелермен жұмыс. №1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз. Неліктен сол қосымшаны жалғағаныңды түсіндір. Ақыл - жас..., асыл тас..., №2 Берілген сөздерді буынға бөліп жаз. Әр буындағы дауысты дыбыстың жуан не жіңішке екенін айт. Өнерлі, өнерпаз, көкжиекте, шаңырақтың. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра. №3 Түбір сөздерге тиісті жалғауларды теріп жаз. құрылыс... — тер аң... — шы көбелек... - дар — Сонымен, балалар, қазақ тіліндегі сөздердің біріңғай жуан, не біріңғай жіңішке болып келу себебі неде екен? — Оның себебі: түбір сөздің соңғы буынында жуан дауысты дыбыс болса, оған жалғанатын қосымша да жуан, жіңішке болса, қосымша да жіңішке болып жалғанады. 14-жаттығу. Жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді бағанның оң жағына, жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді сол жағына көшіріп жазу. 15-жаттығу. Өлеңді оқып, жатқа жазу. 16-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазу.		
Мағынаны тану Мәтінді тізбектеп оқу			

Сергіту сәті	Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне, керегі: Екеуі қайың астынан. Біреуі терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке?	
Ой толғаныс	Жұмыс (соңғы буыны қалай үндесіп тұр?) Еңбек (соңғы буыны қалай үндесіп тұр?) 1. Буын үндестігі дегеніміз не? 2. Сіз оны қалай түсінесіз?	
Үй тапсырмасы	Оқулықтағы тапсырмаларды орындау,ереже жаттау. 18-жаттығу.	Күнделіктеріне жазады
Бағалау	Бағалау парақшаларын толтыру.	

ҚМ АА Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.